

Омарова Б.Ә.

Полиграфиялық заманауи технологиялардың қолданылуы және оларды өндіріске енгізу мәселелері

Мақалада полиграфиялық өндірістерге жаңа техникалар мен технологияларды енгізу және ұйымдастыру жұмыстарының әдіс-тәсілдері, маңызы мен мақсаты, кезеңдері мен нысандары жайлы мәселелер қарастырылды.

Түйін сөздер: полиграфия, инновациялық технологиялар, баспа ісі, өндіріс, маркетинг, бәсекелестік, біліктілік.

Omarova B.A.

Modern printing technology, problems of implementation and application in production

The full range of preparatory work, a prerequisite for rapid development of industrial and organizational innovation, provides access to the optimum process parameters and leads to the achievement of the planned level of production efficiency.

Key words: printing, innovative technology, publishing, manufacturing, marketing, competitiveness, competence.

Омарова Б.А.

Современные полиграфические технологии, проблемы внедрения и применения их в производство

Выполнение всего комплекса подготовительной работы полиграфического дела создает предпосылки для быстрого освоения производственных и организационных нововведений, обеспечивает выход на оптимальные параметры технологических процессов и ведет к достижению запланированного уровня экономической эффективности производства.

Ключевые слова: полиграфия, инновационные технологии, издательское дело, производство, маркетинг, конкурентоспособность, компетентность.

ПОЛИГРАФИЯЛЫҚ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әлемдік озық техникалар мен технологияларды, ғылыми тәжірибелердің жетістіктерін өндірістерге енгізу, еңбекті ұйымдастыру мен басқарудың заманауи талаптарын қалыптастыру нарық пен бәсекелестік заңдарына сәйкес екені айқын. Нарық талаптары ескеріліп, бәсекелестікке қабілетті, алуан түрлі, сапалы, ірі және кіші көлемді, түрлі-түсті, әртүрлі таралымды баспа-полиграфиялық өнімдерді басып шығаруды қамтамасыз ету полиграфиялық кәсіпорындарды инновациялық жаңа техникалар мен технологиялармен жабдықтап, жұмысты ұтымды ұйымдастырып жаңаша басқаруды талап етеді. Баспа-полиграфиялық кәсіпорындарға жаңа техникалар мен технологияларды енгізу дайындық жұмыстарынан басталады. Бұл жұмысты іске асырудың кезеңдері мен нысандарының маңызы өте зор және кешенді жұмыстарды талап етеді. Қажетті объектілерге өндірістік техникалық сипаттағы инновациялар мен менеджерлік инновациялар жатады. Менеджерлік инновацияларға жаңа экономикалық ұйымдастырушылық тәсілдер, әлеуметтік құрылымдар мен механизмдер, жоспарлау және басқару салаларындағы жаңа енгізілімдер жатады. Өндірістік техникалық сипаттағы инновацияларға жаңа немесе жаңартылған техникалар мен технологиялар, нарық сұранысымен пайда болған жаңа өнімдер жатады.

Баспа-полиграфиялық өнімдердің нарықтық бәсекелестікке қабілеттігін арттыра түсуін қамтамасыз ету үшін осы саланың заманауи жетістіктері мен әлемдік озық жаңа техникалар мен технологияларды үздіксіз зерттеп отыру керек. Алдымен нақты таңдалған техника мен технологияларды баспа – полиграфия саласына енгізу мүмкіндігін анықтап алу керек.

Орындалатын кешенді дайындық жұмыстарына өндірістік үрдістер мен еңбекті ұйымдастырудың жаңа талаптарын жылдам игеріп, технологиялық үдерістердің ұтымды параметрлерін дұрыс таңдай білу, жоспарланған өндірістің экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету жатады. Басты мақсат – баспа-полиграфиялық өнімдердің саны мен сапасын және нарыққа бәсекелестік қабілетін арттыра түсіру. Полиграфиялық кәсіпорынның иелері нарық сұраныстарын ескеріп, кәсіпорынның полиграфиялық қызмет көрсету саласын кеңейте түсу мақсатында, флексографиялық, трафареттік т.с.с. арнайы басу әдіс-

терін игеруді қажет деп тапса, онда да арнайы жабдықтарды сатып алулары қажет. Ал, егер кәсіпорында өнімділігі жоғары, автоматтандырылған жабдықтары іске қосылса, баспа-полиграфиялық өнімдерді дайындайтын барлық технологиялық үдерістерге түзету енгізіліп, шығарылатын өнімдердің сапасы мен түрлері арта түседі.

Полиграфия өндірісіне жаңа техника мен технологияларды енгізу үшін, алдымен осы саланы зерттеу жұмысын маңызды кезеңнің бірі деп айтуға болады. Зерттеу кезеңінде жаңа жабдықтарға қойылатын талаптар қарастырылады. Жаңадан енгізілетін техникалар мен технологиялар бойынша шығарылатын өнімдердің қажеттілігі мен өнімдерінің нарықтағы сұранысы зерттеледі, яғни маркетингтік зерттеулер жүргізіледі. Әрі қарай жаңартуларды іске асыруға қажетті ақпараттық ізденістер мен зерттеулер жүргізіледі. Полиграфиялық жабдықтар нарығында да маркетингтік зерттеулер жүргізіледі. Жабдықтың құрылымдық, технологиялық, пайдалану ерекшеліктері ескеріледі.

Инновациялық техникалар мен технологияларды енгізудің техникалық жұмыстарын іске асыру үшін техникалық операциялардың орындалу тәсілдерін, олардың орындалу ретін, жұмыс орындарын жабдықтау т.с.с. сияқты үдерістер, яғни, өндірісте технологиялық дайындықтар жүргізіледі.

Өндірісті дайындауда орындалатын ұйымдастыру жұмыстарының құрамына техникалық, жоспарлық және басқару жұмыстарын ұйымдастыру кіреді. Оларға қызмет көрсету, жабдықтау, жөндеу, тасымалдау, еңбек орнын даярлау, еңбек және материалдық қорлардың нормативтік құжаттарын даярлау және өндіріс жұмысын басқару тәсілдерін жетілдіру жатады.

Өндірісті әлеуметтік ұйымдастыру жұмыстарына кәсіпорын ұжымындағы жұмысшылары-

ның арақатынасын жақсарту, жұмыс жағдайларын арттыру жатады.

Экологиялық жұмыстарға кәсіпорындағы өндірістік жұмыстардың қоршаған ортаға зиянын тигізбеуін қамтамасыз етуге арналған мәселелерді шешу жұмыстары жатады.

Жабдықты іске қосудың басты мақсаты – жаңа техникалардың паспорттарында көрсетілген барлық жұмыстар мен технологиялардың техникалық нұсқауларындағы техникалық шарттарға сәйкес жұмысты ұйымдастырып, сапалы өнімдерді шығаруды қамтамасыз ету. Жабдықтаушы жақ жаңа техникаларды монтаждау, іске қосу, қызмет көрсетуімен қатар жұмысшыларды осы жабдықтарда жұмыс істеуге үйрету сияқты кешенді қызметтерді көрсетеді.

Енгізілетін технологиялар мен техникалардың экономикалық ұтымдылығын негіздеу. Өндірісті экономикалық дайындау барысында экономикалық жоспар жасалып, экономикалық қаржылар есептеледі. Өндірістің техникo-экономикалық тиімділігін негіздеу керек. Өндірістік-техникалық көрсеткіштерді техникo-экономикалық есептеулер арқылы анықтап, артықшылықтары мен экономиялық ұтымдылығына аса үлкен мән беріп, олардың маңызды көрсеткіш екендігін ұмытпау керек. Бұл жаңа енгізулердің дұрыс шешім екендігін көрсетеді.

Баспа-полиграфиялық өнімдердің нарықтық бәсекелестікке қабілеттігін арттыра түсуін қамтамасыз ету үшін осы саланың заманауи жетістіктері мен әлемдік озық жаңа техникалар мен технологияларды үздіксіз зерттеп отыру керек.

Нарық талаптары ескеріліп, бәсекелестікке қабілетті, алуан түрлі, сапалы, ірі және кіші көлемді, түрлі-түсті, әртүрлі таралымды баспа-полиграфиялық өнімдерді басып шығаруды қамтамасыз ету полиграфиялық кәсіпорындарды жаңа техникалар мен технологиялармен жабдықтап, жұмысты ұтымды ұйымдастырып жаңаша басқаруды талап етеді.

Әдебиеттер

- 1 Предпринимательство в книжном деле: Справочник /Б.С. Есенькин, Г.Н. Ершова, В.Д. Синянский и др.; Под ред.Ю.Ф. Майсурадзе. – М.: МГУП, 2003. – 275 с. – (Книжный бизнес).
- 2 Прилепская Г.Д. Бизнес-план издательства: Учеб. пособие. – М.:МГУП, 2000. -78 с.
- 3 <http://www.compuart.ru/article.aspx?id=8846&iid=366>
- 4 <http://bibliofond.ru/view.aspx?id=62500>
- 5 <http://cdo.ipk.ru/cdo/vlib/ctipb.pdf>
- 6 <http://www.ipkvesti-spb.ru/tehnologiya-pechati/novye-tehnologii-v-sfere-poligrafii.html>
- 7 <http://www.ipkvesti-spb.ru/tehnologiya-pechati/tehnologii-pechati-ispolzuyemye-v-sovremennoj-poligrafii.html>
- 8 http://www.alkor-4.ru/about/publications/nestandartnye_tehnologii_v_poligrafii/
- 9 <http://www.ipkvesti-spb.ru/tehnologiya-pechati/novye-tehnologii-v-sfere-poligrafii.html>

- 10 Журналы: «Полиграфист и издатель», «Компьюарт» 2014г.
- 11 Кузнецов Б.А. Экономика и организация издательской деятельности. –М.: Изд-во АСТ. Астрель, 2006.

References

- 1 Entrepreneurship in the book business: Handbook /B.S. Esenkin, GN Ershov, VD Sinyanskii etc.; Under red. Yu.F. Maisuradze. – М.: MGUP, 2003. – 275 p. – (Book business).
- 2 Prilepskaya GD Business plan publishing: Proc. allowance. – М.: MGUP, 2000. – 78 p.
- 3 <http://www.compuart.ru/article.aspx?id=8846&iid=366>
- 4 <http://bibliofond.ru/view.aspx?id=62500>
- 5 <http://cdo.ipk.ru/cdo/vlib/ctipb.pdf>
- 6 <http://www.ipkvesti-spb.ru/tehnologiya-pechati/novye-tehnologii-v-sfere-poligrafii.html>
- 7 <http://www.ipkvesti-spb.ru/tehnologiya-pechati/tehnologii-pechati-ispolzuemye-v-sovremennoj-poligrafii.html>
- 8 http://www.alkor-4.ru/about/publications/nestandartnye_tehnologii_v_poligrafii/
- 9 <http://www.ipkvesti-spb.ru/tehnologiya-pechati/novye-tehnologii-v-sfere-poligrafii.html>
- 10 Logs: «printers and publishers,» «Компьюарт» 2014.
- 11 Kuznetsov BA Economics and Organization of publishing. -M.: Publishing House of the AST. Astrel, 2006.